Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

8 ақпан сейсенбі
№11 (1816)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қазақстан ақшасының қомақты көлемі шетелдегі сіз бен біз білмейтін есепшоттарға кетіп жатқаны жасырын емес. Осыдан екі жыл бұрын Сенат депутаты Ольга Перепечина: «Шетел асқан ақшаның нақты сомасын анықтап айта алмаймыз. Себебі бізде бұған жауап беретін арнайы орталық жоқ. Tax Justice Network халықаралық ұйымы таратқан мәлімет бойынша, соңғы 20 жылда Қазақстаннан офшорлық аймақтарға шамамен 140 млрд доллар аударылған», – деген болатын.

ОФШОРДАҒЫ АҚША ДА ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫСЫ

Бүгінде ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары қызметін атқаратын Ольга Перепечина 2020 жылы офшордағы ақшадан Қазақстанға көк тиын да қайтпағанын мәлім еткен еді.

Жуырда ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысы өтіп, онда офшордағы қаржы мәселесі тағы көтерілді. Бұл жолы «Ақ жол» партиясынан сайланған Мәжіліс депутаты Мақсат Раманқұлов депутаттық сауал жолдап, 160 млрд долларға дейін шетел асып кеткенін жеткізді.

«Біздің фракция соңғы жылдары, «Панама тізімі», «Райское досье» және Швейцария банктерінің Қазақстандықтардың шоттарына қатысты депутаттық сауалдарымызда осы мәселелерді бірнеше рет көтерген болатынбыз. «Tax Justice network» халықаралық ұйымының мәліметі бойынша, соңғы 25 жылда Қазақстаннан шетелдік офшорларға шамамен 140-160 миллиард АҚШ доллары шығарылған, бұл бүкіл елдің жылдық ішкі жалпы өнімі мен оның сыртқы қарызына тең», – деді мәжілісмен.

Халық қалаулысы қаңтар қасіретінде кейбір олигархтар Қазақстаннан жеке ұшақтармен кетіп қана қоймай, қыруар қаржыны шетелдегі есепшоттарға аударғаны туралы ресми емес ақпарат бар екенін де атап өтті.

Осыған байланысты Мәжілістегі «Ақ жол» фракциясы Қаржы мониторингі агенттігінен Қазақстан экономикасына офшорлық аймақтардан нақты қанша қаражат қайтарылғаны туралы ақпарат беруді, қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде Қазақстаннан шетелге қандай ірі қаражат шығарылғанын (миллион АҚШ доллардан көп суммалар) және оны кімдер шығарғанын, кімдердің шоттарына түскенін анықтауды, шығарылған қаражат халықтан ұрланған болса, елімізге қайтарылып, экономикаға жұмыс істесін деген талаптарын айтты.

Ал енді есептейік, 160 млрд доллар теңгеге шаққанда қанша болады? Осы жылдың 7 ақпанындағы валюта бағамы бойынша 1 доллардың теңгеге шаққандағы курсы 433,34 теңгені құрап отыр. Енді осы екі санды көбейтейік. Шыққан теңдіктегі нөлдерді санап қателесіп кетесің. Дегенмен 69 трлн-нан астам теңге болады. Оның сыртында қаншама млрд-тар мен млн-дар бар екенін айтып қояйын. Өйткені біздің есептегіш құрал 69 трлн 334 млрд 400 миллион деген санды көрсетіп тұр.

Ақжолдық депутат бұл қаржының елдің жылдық ішкі жалпы өнімі мен оның сыртқы қарызына тең екенін мәлім еткен. Егер осы ақшалар елге қайтса, мемлекеттің сыртқы қарызы мен халықтың несиесін жабу керек дер едім. Өйткені бұл ақша да халықтың қаржысы екенін ұмытпаған жөн.

А.АҚЫЛБЕКҰЛЫ

ҮКІМЕТ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ҚАЛАЙ ОРЫНДАУДА?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке қаңтардағы тәртіпсіздіктер салдарын жою және елді әрі қарай әлеуметтік-экономикалық дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берген болатын. Үкімет Президент тапсырмасын қалай орындауда? Бүгін осы сауалдың төңірегінде әңгіме өрбітетін боламыз.

2 БЕТТЕ

#КүшімізБірлікте

Ақпан айының 5 жұлдызында Алаштың ардақты ақсақалы, қазақ жұртының абызы, классик жазушы, Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО және Қазақстан мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов дүниеден озды.

ҚОШ БОЛ, АЛАШТЫҢ ӘБЕСІ!

Алаштың Әбесі атанған Әбдіжәміл Нұрпейісов 1924 жылдың 22 қазанында Арал ауданының Құланды ауылдық кеңесіне қарасты Үшкөң деген жерде өмірге келген.

Қаламгер 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. Жазушы 1956 жылы Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебиет институтын бітірген.

Әдебиетке 1947 жылдан араласа бастаған жазушының Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған «Курляндия» романы 1950 жылы жарық көрді. Бұл шығармасы үшін жазушыға Жамбыл атындағы республикалық сыйлық берілді. Бұл туындыны кейіннен өңдеп, толықтырып, 1958 жылы «Күткен күн» деген атпен қайта жариялады.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы (1-кітап – «Ымырт», 1961 жылы; 2-кітап – «Сергелдең», 1964 жылы; 3-кітап – «Күйреу», 1970 жылы) және «Сең» (1983 жылы), «Соңғы парыз» (1999 жылы) романдары дүниежүзі халықтарының көптеген тіліне аударылған.

Ә.Нұрпейісов 1974 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды. 2001 жылы Мәскеудегі Халықаралық Әдеби қордың «За честь и достоинство», 2003 жылы Халықаралық М.Шолохов атындағы сыйлықтардың лауреаты атанды. Қаламгерге Қазақ КСР Халық жазушысы құрметті атағы және Қазақстанның құрметті жазушысы, «Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Отан» ордендері мен медальдар беріліп, РСФСР Жоғарғы кеңесі президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған.

Ол еңбек жолында 1962-1964 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы болды.

Сондай-ақ 1992 жылдан халықаралық Қазақ ПЕН клубының президенті, 2000 жылдан «Таң-Шолпан» журналы редакторлар кеңесінің төрағасы болған.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туындылары миллиондаған оқырманның жүрегінен орын алды. Сөз сардары әрбір шығармасы арқылы тарихқа үңіліп, өткенді саралап, бүгінді бағамдай білді. Қазақ барда Әбдіжәмілдей жазушының есімі өшпейді. «Таулар алыстаған сайын биіктейді», сол секілді жыл өткен сайын Нұрпейісовтің де есімі бұрынғыдан бетер биіктей түсері хақ.

Күллі қазақ Әбдіжәмілдей абызын соңғы сапарға шығарып салды. Қаралы жиында Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың көңіл айту жеделхатын оқыды. Онда абыз тұлғаның бейнесі ұмытылмайтыны айтылған.

Қабырғалы қаламгерді соңғы сапарға шығарып салуға арналған қаралы жиынға облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова да қатысты.

Қош бол, Алаштың Әбесі!

А.БЕК

МӘСЕЛЕ

Дария жағасындағы елдің көңілінде қобалжу бар. Жер-Анаға дән себумен несібесін молайтқан сырбойылық диқандардың бар үміті де, тілегі де – Сырдария. Өткен жылы қуаңшылық қиындығын көрген ел дария жайына алаңдаулы. Жасыратыны жоқ, биыл Сырдариядағы су көлемі өткен жылғыдан да аз болатынын айтып, мамандар дабыл қағуда. Ернеуінен асып-тасып жататын Сырдария бүгінде жабырқаулы күйге түскен. Енді қалай болады?

СУДЫҢ ЖАЙЫ – ЕЛДІҢ ЖАЙЫ

Бұл – дүйім жұрттың көкейіндегі сауал. Судың жайын ойлаған тиісті мамандар жедел іске кірісті. Сырдариядағы су тапшылығы бүгінде күн тәртібінен түспей тұр. Бұл мақсаттағы іс-шаралардың бірі – елімізде Су кеңесінің құрылатындығы. Бұл туралы Орталық коммуникация орталығында брифинг берген Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов мәлімдеді. «Бірінші, мемлекетаралық өзара қарым-қатынастардың аса маңызды мәселелері бойынша шешімдер әзірлеу үшін келіссөздер процестеріндегі Қазақстанның ұстанымын күшейту үшін ҚР Премьер-Министрінің басшылығымен Су кеңесі құрылмақшы. Бұл кеңестің негізгі міндеті сыртқы су саясатын әзірлеу барысында Үкіметтің барлық құрамының іс-қимылын үйлестіру болады», – деді министрдің орынбасары.

2 БЕТТЕ

ГАЗ БАҒАСЫ АРЗАНДАДЫ



«ҚазТрансГазАймақ» тұтынушылары үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағасы осы жылдың 1 ақпанынан бастап 6% - ға төмендеді. Яғни, газды тұтыну бағасы 18,47 теңге болып бекітілді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында «ҚазТрансГазАймақ» АҚ өтім және газ режимі қызметінің бастығы Жолдасбек Әбенов мәлімдеді.

Қазіргі уақытта облыс бойынша газдандырылған тұтынушылар саны 123 657 құрайды. Оның 120 931 тұрғын үй. Сонымен қатар филиал қызметі тұтынушыларға газ есептегіштерін тегін негізде электрондық көрсеткіштен механикалық көрсеткішке ауыстыруды ұсынады.

«Электрондық газ есептегіші ұзақ уақыт пайдаланылатындығына және батареяның тозуына байланысты есептегіш істен шығады. Осы ретте газ есептегішінің клапаны іске қосылып, газ беру автоматты түрде тоқтайды. Көбінесе бұл жағдай әр айдың алғашқы немесе соңғы күнінде болады. Сондықтан тұтынушылардың көптеген өтініштері болған кезде осы саланың мамандары газ беруді қалпына келтіру үшін есептегіштерді электронды түрде механикалыққа ауыстыруға бір уақытта орындауы мүмкін емес», – дейді Жолдасбек Ысқақұлы.

Сондай-ақ бүгінде пайдаланылған газ үшін тұтынушылардың қарызы да қордаланып тұр. 2021 жылдың жылу маусымы қарсаңында халықтың қарызы шамамен 982 млн теңгені құраса, қазіргі таңда шамамен 721 млн теңгені құрайды. Алдағы уақытта филиал дебиторлық қарызды төмендету жұмыстарын жалғастырмақ.

«Ақмешіт-ақпарат»

БАЛА НЕГЕ ҚЫЛМЫС ЖАСАЙДЫ?

Бүгінде кәмелет жасқа толмай жатып, қылмыс жасайтын жасөспірімдер саны артқан. Олардың өмірге деген көзқарасы қалыптасып үлгермей, болашағына балта шабылуда. Әрине, бұл мәселенің бір ұшы ата-ананың бала тәрбиесіне салғырт қарауымен байланысты. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, бала тәрбиесінің әлсіреуі қоғамның айықпас дертіне айналуда.

Ақ пен қараны айырып, жақсы мен жаманды үйрету әрбір ата-ананың бала алдындағы басты міндеті. Дегенмен күйбең тіршілік, балашағаның қамы деп азаннан қара кешке дейін жұмыста жүрген ата-аналар көп. Олардың басты арманы – баласының мұқтаждық көрмей өсуі. Ал енді бірі ішімдікке салынған әке мен жоқтықтан шаршаған ана. Оның баласына дұрыс тәрбие беруге мұршасы да жоқ. Тізе берсек, мысал көп. Бір сөзбен айтқанда, қазір ата-ананың балаға көңіл бөліп, қадағалауға уақыты жоқ. Ащы да болса, шындық.

4 БЕТТЕ

ҮКІМЕТ ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ҚАЛАЙ ОРЫНДАУДА?

Әлихан Смайылов басқаратын ел үкіметі Президент тапсырмаларын орындау мақсатында жүйелі жұмыс жүргізуде. Алдымен биылғы 5 қаңтарда тұрғындар үшін коммуналдық қызметтердің (жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су тарту, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау) тарифтері мен бағаларын өсіруге 180 күнге мораторий енгізілді. Осы ретте сұйылтылған газ бағасының да арзандағанын айта кеткен ләзім. Қызылордада автомобильдерге құятын газ 60 теңгеден сатылуда. Бұдан бөлек табиғи газдың да бағасы түсті. Соңғы деректерде Сыр елінде «көгілдір» отын 6 пайызға төмендегені айтылуда.

Президент пәрменімен «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры құрылды. Қазірдің өзінде бұл қорға 100 млрд теңгеден астам қаржы аударылды. Бүгінде аталған қордың өз сайты құрылып, өтініш қабылдау басталды. «Қазақстан халқына» қоры азаматтардан өтініш қабылдауды бастады. Яғни арнайы көмекті қажет ететін бизнес өкілдері мен өзге де тұрғындар www.qazaqstanhalqyna.kz сайтына кіріп, «Өтінішті қалай бере аламын» батырмасын басып, қажетті құжаттарды толтыруы тиіс. Барлық мәлімет автоматты түрде www.atamekenim.kz порталына жіберіледі. Яғни қатаң тексеруден өтеді. Қордың мақсаты мен талаптарына сай болмаса, өтініш қабылданбауы мүмкін. Сондай-ақ сайт арқылы қорға ақша аударуға ниетті демеушілер де өтініш қалдыра алады.

Елдегі Әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі жедел іс-қимыл жоспарын іске асыру басталды. Primeminister.kz сайтындағы ақпаратқа сүйенсек, ішкі істер органдарының бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді нығайту үшін ІІМ-ге қажетті қаражат бөлінген. «Тәртіпсіздіктер кезінде қызметтік автокөліктері жойылған өңірлердегі полиция департаменттеріне 457 патрульдік автомобиль мен 70 автобус жеткізілген. Жаппай тәртіпсіздіктерден зардап шеккен азаматтар мен заңды тұлғаларға банк алдындағы қарыздары мен микрокредиттерін өтеу мерзімін кейінге шегеру мүмкіндігі берілді. Бизнеске жүктемені төмендету үшін мемлекеттік кірістер органдарының бастамасы бойынша басталған салықтық және кедендік тексерулер, сондай-ақ камералдық бақылау бойынша хабарламалар беру тоқтатылды. Үкіметтік комиссия ШОБ субъектілеріне тәртіпсіздік кезінде келтірілген залалды өтеу тетігін бекітті. Жақында Үкімет резервінің қаражаты есебінен кәсіпкерлерге жылжымайтын, жылжымалы мүлік бойынша, сондай-ақ жоғалған (ұрланған) тауарлық-материалдық құндылықтар бойынша келтірілген залалды өтеу басталады», – делінген primeminister.kz сайтында.

Жер-жерде комиссия құрылып, зардап шеккен кәсіпкерлерден өтініш қабылдап жатыр. Тіпті Алматыдағы кәсіпкерлерге шығынын өтеу мақсатында көмек беруде.

Президент ерекше атап өткен мәселенің бірі – утильдік алым. Үкімет «Жасыл даму» мемлекеттік компаниясын утилизациялық төлемдерді жинау операторы ретінде белгіледі. Алғашқыда «Жасыл даму» мемлекеттік компаниясының өзі толық мемлекеттік емес деген сыбыс тарады. Осы ретте оның 100% акциясы мемлекетке тиесілі екенін айтқымыз келеді. «ӨКМ Операторы» ЖШС-ның бұған дейін жиналған қаражаты мемлекет меншігіне өтті. Утилизациялық төлемдердің мөлшерлемелері мен пайдалану тетіктері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін азаматтық және бизнес қоғамдастықтың қатысуымен алаң құрылды. Дәл қазір өндірушілер мен импорттаушылардан утилизациялық алым қабылдау толық жүзеге асырылуда. 2022 жылғы 24 қаңтардан бастап утилизациялық төлем қабылдау «Жасыл даму» АҚ-ның екінші деңгейлі банктердегі жаңа деректемелерінде жүргізіледі. «ӨКМ Операторы» ЖШС функциялары «Жасыл Даму» АҚ-ына өткен уақыттан бері утилизациялық алым төленгендігі жөнінде 865 сертификат берілген.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау мақсатында азаматтардың жекелеген санаттарына қайталама тұрғын үйді жалға алғаны үшін төлем тағайындау және оны жүзеге асыру қағидалары әзірленді.

Премьер-министрдің баспасөз қызметі азаматтарға зардап шеккендер мен хабар-ошарсыз кеткендер туралы ақпарат беру үшін 1414 call-орталығының базасында тәулік бойы жұмыс істейтін тікелей желі ашылғанын мәлім етті.

«Азаматтарға кеңес беру үшін 150 оператор тартылып, 200 мыңнан аса қоңырау қабылданды. Коммуналдық қызметтер, қоғамдық көлік және әлеуметтік инфрақұрылым

Басы 1-бетте

нысандарының жұмысы тұрақталды. Қаржы жүйесінің, сауда нысандарының, көлік тасымалдары мен қатынастарының барлық түрінің тұрақты жұмысы қамтамасыз етілді. Үкімет электрондық сауда алаңындағы газ саудасын 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шегерді. Сонымен қоса, Энергетика министрлігі нарық қатысушыларымен бірлесіп, бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу және ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында электрондық алаңда сұйытылған мұнай газын сату тетігін жетілдіру жұмысын бастады. Үкімет Мемлекет басшысының жаңа Қазақстанды құруға және әлеуметтік-экономикалық өсуді әрі қарай қамтамасыз етуге бағытталған тапсырмаларын жедел әрі сапалы орындау бойынша шараларды қабылдауды жалғастырады», – делінген primeminister.kz сайтындағы Үкіметтің Президент тапсырмасын орындауға қатысты ақпаратта.

Ел үкіметі инвестициялық ахуалды жақсартуға негізделген жұмыстарды да қолға алды. Инвестициялық штаб отырысында айтылған мәліметтерге қарағанда 2021 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ел экономикасына тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 49%-ға артып, 18,7 млрд долларды құраған. Қазақстан экономикасына іс жүзінде барлық негізгі инвестор елдер бойынша капитал ағынының өсуі байқалады. Үздік 10 инвестор мемлекеттің қатарына Нидерланды, АҚШ, Швейцария, ҚХР, Ресей, Ұлыбритания, Бельгия, Түркия, Оңтүстік Корея және Франция кірді.

Қазақстан Премьер-министрі Chevron, «ЛУКОЙЛ» секілді компаниялардың басшыларымен де кездесті.

Бұдан бөлек өткен жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 13,2 трлн теңгені құрағаны белгілі болды. Бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 7,3%-ға артық. Инвестициялар өсімінің негізгі локомотивтері экономиканың шикізаттық емес секторлары болды. Мәселен, инвестициялардың нақты көлем индекстері өңдеу өнеркәсібінде 1,4 есе, құрылыста 1,2 есе, ауыл шаруашылығында 1,3 есе өсті. Өңдеу өнеркәсібінде өсімінің неғұрлым жоғары көрсеткіштеріне металлургияда 27 пайыз, тоқыма өндірісінде 28 пайыз, фармацевтикада 39 пайыз, химия өнеркәсібінде 55 пайыз өсім бар.

2022 жылғы 1 ақпанда Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қаулыға өзгерістер енгізілді. Құжат жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтерді іріктеу критерийлерін бекітуді көздейді. Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның жекешелендіру туралы шешімдері мемлекеттік мүлік тізілімінің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің веб-порталдарында жариялауға жатады. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында «ҚР Парламенті депутаттарының, Үкімет мүшелерінің, әкімдердің еңбегіне ақы төлеуді арттыруға мораторий енгізу туралы» қаулы қабылданды.

Бүгін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкімет отырысы өтеді. Дәл осы жиында Үкіметтің биылғы жоспары қаралады.

Елдің ең өзекті екі мәселесі бар десек, бірі – баспана да, екіншісі – несие. Үкімет бұл мәселелерді де назардан тыс қалдырған жоқ. Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында тұрғын үй саясатындағы және тұрғын үйді жалдау ақысын субсидиялаудағы жаңа тәсілдер қаралды. Осы жиында: «Азаматтардың әл-ауқатын жақсарту мемлекеттік саясаттың ең маңызды міндеті болып табылады. Осы міндетке жетудің басым бағыттарының бірі – ол тұрғын үйдің қолжетімді болуы», – деп атап өтті Үкімет басшысы.

Премьер-министр жалпы құрылыс саласы жыл сайын оң динамика көрсетіп, өсіп келе жатқанын атап өтті. 2021 жылдың қорытындысы бойынша 17,1 млн шаршы метр үй салынған. Тұрғын үй құрылысына шамамен 2,4 трлн теңге инвестиция тартылды.

Бірақ қанша тұрғын үй салынса да үйсіз жүрген адам көп. Жұрттың шымбайына да бататыны осы. Жыл санап үй кезегіне тұрғандардың саны көбейіп жатыр. Бұл мәселені шешпесе болмайды. Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында тұрғын үй саясатының жаңа тәсілдері әзірленді. Мұнда «Отбасы банкіне» ерекше орын беріледі, ол баспанаға мұқтаж адамдардың кезегін қалыптастыру және оларға жеңілдікті тұрғын үйлерді сату бойынша бірыңғай оператор қызметін атқарады. Қазіргі таңда азаматтарға үй сатып алу мақсатында өздерінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін «Отбасы банкіндегі» депозиттерге салу мүмкіндігі берілді. Заңнаманы реформалау аясында тұрғын үйді кірісіне қарай сату, арендалық төлемдердің бір бөлігін субсидиялау және ауылды жерлерде тұрғын үй салу механизмдері енгізіледі. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, арендалық төлемнің бір бөлігін субсидиялау механизмін енгізу туралы шешім қабылданды. Баспанаға мұқтаж 70 мыңға жуық отбасы осы механизммен қамтылады, олар жалдау ақысынан үнемделген қаражатты үй сатып алуға жинай алады. Үкімет отырысында Премьер-министр жаңа тәсілдер мен механизмдер 10 жыл ішінде тұрғын үй кезегінде тұрған жарты миллионнан астам адамның баспана мәселесін шешуге және мемлекеттік қолдаудың әділетті, ашық әрі қолжетімді жүйесін жасауға мүмкіндік беретінін жеткізді.

Несие мәселесіне келер болсақ «Жеке тұлғаларды банкрот деп тану туралы» заң қаралып жатқанын айта кету керек. Бірақ оның халыққа қаншалықты тиімді болатынын уақыт көрсетеді. Біз Үкімет басшысының баспасөз қызметі жариялаған ақпараттарды саралап, Президент тапсырмасының қалай орындалып жатқанын ғана баян еттік.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

СУДЫҢ ЖАЙЫ – ЕЛДІҢ ЖАЙЫ

Сондай-ақ министрлік су ресурстары комитеті мен оның бассейндік инспекцияларын күшейтуге жол ашпақшы. «Су ресурстарын басқарудың қолданыстағы жүйесі бірінші кезекте су шаруашылығы құрылыстарын қайта жаңарту және салу жөніндегі жобаларды іске асыруға бағытталған. Су ресурстарын есепке алу, су үнемдеу, талдау және жағдайдың дамуын болжау сияқты мәселелер тиісті назардан тыс қалып келеді. Бассейндік инспекцияларды су ресурстарын мемлекеттік басқарудың негізі ретінде қарау қажет инспекторға түсетін жүктеме тым ауыр. «Бүгінде бассейндік инспекцияның бір қызметкері 93 ауылдық елді мекен орналасқан 41 мың шаршы қашырым аумаққа қызмет көрсетеді. Бассейндік инспекцияларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейі өзекті болып табылады», – деді вице-министр.

Брифингте мәлім болғандай, Қызылорда облысына қажетті су насостары уақыт оздырмай қамтамасыз етілмек. Облыс бюджетінен 20 су арнасын тазалап, 20 насос алуға қаржы бөлінгенімен бұл жеткіліксіз.Осы орайда ел қазынасынан 67 насос алып беруге ұсыныс түскен. Бұл мәселе де шешімін таппақ.

Сырдария суының жайын көзбен көру үшін Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов арнайылап Сыр өңіріне келді. Іссапар барысында Жаңақорған ауданында болып, Келінтөбе суландыру магистралының мәселесін мамандармен бірге талқылады. Сондай-ақ облыс әкімдігінде өткен су тапшылығына қатысты мәжіліске қатысып, егін егетін елді сусыз қалдырмау жайын пысықтады.

Басы 1-бетте

– Былтыр облыстың су шаруашылығындағы жағдай қиын болды. Қазгидрометтің болжамы бойынша биылғы 1 ақпандағы жағдайы да көңіл көншітпейді. Өткен жылдан да қиын болуы мүмкін деген болжам бар. Атап өтсек, таулы жерлерде судың келуі 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 40-50 пайызға дейін кем деп есептеліп отыр. Сырдарияға түсетін судың 90 пайызы Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан арқылы түседі. «Тоқтағұл» су қоймасында бүгінгі таңда 8,9 млрд текше метр су бар. Ол өткен жылмен салыстырғанда 1,5 млрд текше метрге кем. Мамандар «Шардара» су қоймасына вегетациялық кезеңінде өткен жылдың 1 қазанынан бастап осы жылдың 1 сәуіріне дейін 10,3 млрд текше метр су келеді деп болжаған еді. Алайда су болжамнан да кем түсіп отыр. Осы жағдай жалғасатын болса, 10,3 млрд текше метр судың орнына Шардарада 7,3 млрд текше метрге аз су келуі ықтимал. Қызылорда облысының егістік жерлері бар. Одан қалды Арал маңындағы көлдер жүйесі бәрі де «Шардараға» қарап тұр. Аталған су қоймасының сыйымдылығы – 5,2 млрд текше метр. Су қоймасына вегетациялық кезде су келмейтін болса жағдай өте күрделі болмақ. Барлық ауданда қиындық бар. Жаңақорған ауданындағы «Келінтөбе» магистралды каналын суландыру мәселесі туындаса, Шиеліде Қамысты каналында проблема бар. Былтыр насоспен магистральды суды қосымша беріп көрдік. Нәтижесі болды. Сол себепті бұл жұмыстарды жалғастырамыз. Сырдария мен Жалағаш ауданында да ондай мәселе жоқ. Екі ауданның әрқайсысында жылына 20 мың гектарға дейін күріш егіледі. Дегенмен биыл онда күріш көлемін шектеуіміз керек деп ойлаймын. Себебі жақын орналасқан Қармақшы ауданына су жетпей, қиындық туғызады. Ал өткен жылы Қармақшы ауданында Батыс Қармақшы қашыртқысынан Құрайлы каналына насос айдап көрдік. Биыл да сол жұмыстар жалғасын табады. Аз да болса Қармақшының жағдайы дұрысталады деген ойдамыз», – деді вице- министр.

Сондай-ақ аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова Сырдария өзеніндегі су көлемі бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін «Facebook» парақшасында жазды: «Қадірлі сырбойылықтар! Бүгінгі күні өңіріміз үшін ең өзекті мәселе суға қатысты екені белгілі. Сыр перзенті ретінде Сырдариядағы су көлемінің жеткілікті деңгейде болмауы мені де алаңдатады. Бұл ретте бірлескен шешімдерді қабылдау күн тәртібінен бірде-бір түскен емес.

Осы аптада ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен жиында су деңгейінің мәселесі қаралып, өз тарапымыздан өңірдегі су тапшылығына қатысты ұсыныстарымызды жеткіздік. Осы мақсатта ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірге әзірленген өңірлік Жол картасы пысықталды.

Үкімет басшысы алда Өзбекстан Республикасында өтетін Үкіметаралық жиында Сырдария өзенінің төменгі ағысына су жіберу көлемін ұлғайту мәселесі бойынша өзара келіссөздер жүргізетін болады.

Сонымен бірге облысымызға арнайы іссапармен келген ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов, «Қазсушар» республикалық коммуналдық кәсіпорнының бас директоры Алтай Елжасовпен кездесті.

Алдағы уақытта арнайы штаб құрып, су тапшылығынан шығуға қажетті қадамдарды бірлесе іске асырамыз. Осы ретте шаруалар түсіністік танытып, суды үнемдеп пайдалануды технологияларын енгізуге көшуі керек. Әр 10 күн сайын ахуал сараланып отырады. Бұл мәселе менің жіті бақылауымда» – деп жазды аймақ басшысы.

Қалай болғанда да алдағы көктем Сыр жұртына оңай тимегелі тұр. Ендігі мәселе – бар суды үнемдеп пайдалану ғана.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қала әкімдігі жанындағы баспасөз орталығында қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрбек Әзірбек өткен жылы бөлім тарапынан атқарылған жұмыстар жайын баяндады. Басшының хабарлауынша, 2021 жылы ауыл шаруашылығы құрылымдарында 8905 гектар жерге егін егілген.

ӨНІМ ӨНДІРУДІҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Бүгінгі күні 2287 тонна ет, 5 422 тонна сүт пен 662 мың дана жұмыртқа өндірілген. Өткен жылмен салыстырғанда ет өндіру 1,8 процентке, сүт өндіру 1,7 және жұмыртқа 2,5 процентке артқан.

– Өткен жылы суды үнемдеу мақсатында күрішті көшеттеп егу технологиясы тәжірибе ретінде алғаш рет енгізіліп, «Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» ЖШС мен «Golden Bridge Turan» ЖШС бірлесіп, жапон технологиясымен 155 гектар жерге күріш көшеттеп егілді. Сондай-ақ тамшылатып суару технологиясымен Қарауылтөбе ауылдық округінде 4 гектар қызанақ және Қызылөзек ауылдық округінде 8 гектар картоп егілді, – деді бөлім басшысы.

Сонымен қатар қала тұрғындарын көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында Қарауылтөбе ауылдық округінен 10 гектар егістік жер бөлініп, 87 тұрғын бақша дақылдарын егумен айналысқан.

Одан бөлек, бөлім басшысы мемлекеттік бағдарламалар шаруа қожалықтарына мал басын көбейтуге көмектескенін алға тартты. Мәселен, «Сыбаға» бағдарламасымен төрт шаруашылық құрылымы «Сырдария-1» несие серіктестігі арқылы 46 бас асыл тұқымды сиыр және 1500 бас қой сатып алса, «Қарапайым заттар экономикасы», «Іскер», «Еңбек» бағдарламалары бойынша 653,4 млн теңгеге 657 бас мүйізді ірі қара, 210 бас жылқы, 3298 бас қой, 15 бас түйе сатып алған.

«Аруана Агролидер» ЖШС өз қаржысы есебінен «Сыбаға» шағын консерві өңдеу цехын іске қосып, 10 адамға тұрақты жұмыс ұсынып отыр. Жоба қуаттылығы 1 ауысымда 800 дана консервіге дейін шығаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Ақсуат ауылдық округіндегі «КазАгроМир» ЖШС-ның автоматтандырылған жылыжай кешені 320 тонна қияр өндіріп, қала аумағындағы сауда үйлеріне төмен бағада өткізген. Одан бөлек, облыс орталығындағы сауда орындарынан ашылған әлеуметтік бұрыштарда 19 түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік базар нарқынан төмен сатылуда.

Бүгінгі күні қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты 12 қалалық мәдениет үйі, клубтар және халықтық ұжымдар, қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі мен Қызылорда қаласының тарихи музейі жұмыс жасауда. Аталған мекемелердің өткен жылы атқарған жұмысы жайында қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Әбілдаев баяндады.

КІТАПХАНАЛАР БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕГЕ ҚОСЫЛДЫ

Бөлім басшысының хабарлауынша, қала тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізу мақсатында «Мереке думан» халықтық әзіл-сықақ отауы мен Жастар театры мазмұнды шығармаларды орындауымен ерекшеленіп келеді.

– Өткен жылы 1428 мәдени іс-шара өткізіліп, оған 215 586 көрермен тартылды. Сондай-ақ Қызылорда қаласы бойынша жас дарынды өнерпаздарды үлкен сахнаға дайындау үшін қала орталығындағы және кент, ауылдық округтердегі клубтар мен мәдениет үйлері жанынан барлығы 90 үйірме жұмыс жасап, оған 1079 көркем-өнерпаз қатысты. Мәдениет үйлері мен клуб кәсіпорындары түрлі деңгейдегі 181 байқауға қатысып, жүлделі болды, – деді бөлім басшысы.

Кітапханаға келген оқырман сұранысын қанағаттандыру, сапалы қызмет көрсету, кітап берілім жұмысын тездету мақсатында жүйеге қарасты барлық кітапханаларда республикалық автоматтандырылған кітапхана-ақпараттық жүйесі РАБИС бағдарламасы бойынша электронды каталог қорына 415 425 кітап пен мақала енгізіліп, сандық форматқа әртүрлі сала бойынша 1274 кітап көшірілген.

Сонымен қатар биыл Қазақстан және КСРО халық әртісі, халық қаһарманы Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойы, Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдығы, жазушы, драматург, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы аясында бөлім тарапынан түрлі мәдени іс-шара ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Қызылорда қаласы аумағындағы жерлерге түгендеу жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Жер учаскелерінің нысаналы мақсатына сай пайдаланылуы мен игерілуін анықтау мақсатында кәсіпкерлік мақсаттағы 63 жер учаскесі Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасына жолданып, нәтижесімен 17-не нұсқама берілген. Бұл туралы қалалық жер қатынастары бөлімінің сектор меңгерушісі Ғанибек Омаров мәлім етті.

ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ БАҚЫЛАУДА

– 2021 жылдың белгіленген жоспарына сәйкес шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жалпы көлемі – 7521,7 гектар жер учаскесінің тізбесі бекітіліп, жеңімпаз атанған «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕ АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы жерге орналастыру жұмыстарын жүргізді. Осы орайда, 15 жұмыс күн ішінде ниет білдірген азаматтар бизнес жоспарларын бөлімге өтінішпен ұсына алады. ҚР Жер кодексінің талаптарына сәйкес комиссия отырысын сәуір айында өткізу жоспарлануда, – дейді Ғанибек Омаров.

Сонымен қатар бөлім 20 тұлғаның пайдалануындағы өз бетінше иеленіп алған мемлекеттік жер учаскелерінде салынған құрылыстарды анықтап, оны мәжбүрлі түрде бұздыру үшін сот органдарына талап-арыздар берген. Ал ауыл шаруашылығы мақсатындағы 486 жер учаскесі Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы бөліміне жолданып, нәтижесімен 20-на нұсқама берілген.

Одан бөлек бөлім 2021 жылы 6 сауда-саттық өткізген. Аукционда жалпы көлемі 106,6251 гектарды құрайтын 171 жер учаскесі ұсынылып, 114 жер учаскесі сатылған.

Айта кету керек, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер кезектілігінде 2005-2021 жылдар аралығында барлығы 62 454 азамат тіркеліп, 2005 жылғы арызбен барлығы 7280 азамат жер учаскелерін алған. Ендігі ретте, 2021 жылдан бастап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер енгізілуіне байланысты жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру құзыреттілігі сәулет және қала құрылысы органдарына жүктелді.

А.БІРКЕНОВ

ТОҒАНАС БАТЫР

Ұлт азаттығы мен бостандығы үшін күрескен елжанды біртуар ерлерді бүгінгі ұрпақ білуі қажет. Тәуелсіздік жылдарында мұрағаттар мен деректер ашық айтылып, тарихқа жаңа баға беріліп келеді. Сыр өңірінің белгілі батыры Тоғанас баһадүрдің болмыс-бітімі де бүгінгі ұрпаққа ашылған көмбедей құнды мұра.

Тоғанас Бәйтіқұлы шамамен 1804-1807 жылдары дүниеге келіп, 1863-1864 жылдары өмірден озған. Дегенмен батырдың туған жылын әркім әртүрлі жазады. Бір жазбаларда 1812 жылы өмірге келген деген де дерек бар. Тіпті Тоғанас батырдың 1814 жылы өмірге келгені айтылады. Ол атақты Бәйтік батырдың перзенті екені тарихтан мәлім. Тоғанастың әкесі Бәйтік, атасы Бәймембет, бабасы Тойқожа да нағыз батыр атанған тұлғалар. Бүгінде баһадүрдің бабасы бір қауым ел Тойқожа батыр есімін еншілеген. Әкесі Бәйтік Бәймембетұлы Сыр өңірінде шамамен 1762-1841 жылдарда өмір сүрген батыр. Хиуа мен Қоқан хандықтарының жергілікті халыққа жасаған озбырлық әрекеттеріне қарсы тұрған. Бәйтік батыр хақында Балқы Базар ғана емес,Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары көп жырлағанын аңғаруға болады. Бүгінде батыр ұстаған байрақ әлі күнге дейін сақтаулы. Замандасы Жұмырбай Байғұлыұлы да Бәйтікке арнаған өлеңінде абыройын асырып:

...Қарақалпақ Нұртайдың,
Қамалын алып қаңғыртқан.
Бесқаладан қашырған,
Мекенінен асырған, – дейді.

Көп ішінде Тоғанасты батырлыққа баулып, батасын берген өз әкесі Бәйтік пен Қыстаубай батыр екені айтылады. Замандасы жырау Жұмырбайдың:

«Бәйтіктен туған Тоғанас,
Кесіп түсер көк алмас.
Әруағына ерлердің
Бас иеміз, құлдық бас» – деп жырға қосуы да тегін емес секілді.

Ал батырдың арғы атасы Тойқожа батыр Ақжайық бойындағы құба қалмақпен болған кезекті ұрыста жасағымен қоршауда қалып, сол шайқаста мерт болыпты. Батыр ерлігін баласы Бәймембет, немересі Бәйтік, шөбересі Тоғанас, Бодаштар жалғастырып, халық арасында «Бәйтік-Тоғанас» деген атпен әкелі-балалы батырлардың ерлігі кең тараған. Тіпті Балқы Базар Тоғанас батырды жырына қосып, айбатын әйгілейді:

«Қысқа күнде қырық шапқан,
Жанқожа, Есет, Қыстаубай.
Қасым, Сейіл, Бұқарбай
Сәмет пен батыр Тоғанас,
Солардан да өткен сұм заман» деп тебіренеді шайыр.

Міне, ата жолын қуған Тоғанас та батырлық жолды ұстанып, тағдырын айқындайды. Өмір сүрген кезеңі Ресей патшалығы мен Хиуа және Қоқан бектерінің үздіксіз шабуылы кезеңінде өткендіктен, тегінде бар қасиет қайсар жанға жастайынан қару алғызған еді. Батырдың алғашқы ерлігі де ерекше оқиғаға құрылған. 1830-1831 жылдары 16 жастағы Тоғанас атын іздеп жүріп «Тайкеткен» өзегінің қалың қамысы ішінен жолбарыс кезігеді. Ержүректігімен жолбарыс соғып, терісін жамылып ауылына келген бозбаланың атағы бір сәтте елге тараған екен.

Қоқандықтардың Сыр бойына еніп, елден түрлі алым-салық жинай бастаған кезі болса керек. Хиуа бегі Қожанияз мұндағы жұртты өзіне бағындыру үшін 500 жасағымен шабуылға шығады. Бұл хабарды естіген Шағырай, Қыстаубай, Сарман батырлар да 500-дей әскермен қарсы тұрған деседі. Сол жасақтың ішінде Тоғанас батыр да болды. Қос тарап Күмісқорғанның аралығында кездесіп, майданға енеді. Шайқас нәтижесінде қазақтар жағы жеңіске жетіп, мерейі тасыған екен.

Осылайша Тоғанас Бәйтіқұлының даңқты жолы Күмісқорғандағы қоқандықтарды қуған сәттен бастау алыпты. Тіпті ол алаша Түлкібай, табын Бұқарбай батырлармен бірге Бейісбайды шабуға қатысады. Оған қоса Қуаңдария мен Жаңадария бойынан Қоқан, Хиуа бектері Қожанияз бен Бабажан, қарақалпақ Орынбай мен Нұртайды қуып жетіп өлтіргендер арасында қаһарман Тоғанас та бар.

Аңыздарға сүйенсек, Тоғанас батырдың есімі 1829-1830 жылдарда байқалса, жазба мәліметте 1840-1841 жылдар аралығында батырдың есімі жиі кездесті. Яғни Тоғанас батыр XIX ғасырдың 40-жылдарында майдан кешкен батыр емес, қолбасшылық дәрежеге жеткен қаһарман деп болжасақ болатындай.

Созақ қамалын алуға Жанқожа батыр қолбасшылық етіп, 12 батырды ертіп апарады. Сол қатарда Тоғанас та болыпты. Мұны ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының №4 қорындағы 2757 іспен дәлелдеуге болады. Онда: «1841 жылдың қыркүйегінде Кенесары хан шөмекей, төртқара, табын руларынан жасақталған 4 мың әскерімен Ташкентке бет алды» деп көрсетілген. Осы жолы Созақ, Жаңақорған, Жөлек қорғандарын қоршаған екен. Ал Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы, генерал-майор Ладыжинскийге хорунжий Красноярцев жолдаған (1845 жыл, 22 қазан) рапортында, яғни №4 қордың №2333-ші ісінде ханға Қоқан бекіністерін алуға шөмекей, керей, кете, алтын және әлім руларының басты адамдары көмектескенін айтады: «Шөмекей руының батыры Тоғанас Бәйтіков, Дәрмен Сарманов, Қараш Тұғалан, сұлтан Сәдірмек, керей биі Жұбан және сұлтан Тоғым, алтын руынан Науша, Көшкінбай Мажығұлов, Уәли Итенов, әлімнен Жанқожа батыр бастаған жасақтар негізгі күшке 16 қыркүйекте келіп қосылды» деп жазған. Аталған мәліметтің шындыққа жанасатынын ғалым Е.Бекмаханов та растаған еді. «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітабында Кенесары қозғалысына қатысқан рулардың кестесінде 1839-1845 жылдарда шөмекей руы қазақтарының кестесін көрсеткен. Демек шөмекей руының басым көпшілігі Кенесары Қасымовтың ұлтазаттық күресіне қатысқаны белгілі болып отыр.

Негізі барлық жазба деректерде Тоғанас батырдың есімі Байқадам, Жанқожа, Бұқарбай, Қыстаубай, Сейіл, Дәрмен секілді айбатты батырлармен қатар аталады. Сонымен қатар сұлтан Елекей Қасымов пен ұлт азаттық күрестің қозғаушысы Кенесары хан, Бекмырза Әлдиев, Алмат Тобабергенов, Пірәлі Өтетілеуов, Сәдір Алтыбаев, Қызылбас Мүсірепов секілді басқа да би-батырлар мен мен хандарға қатысты мәліметте баһадүр туралы ақпар кездестіруге болады.

Халық арасында қаһарман тұлға туралы айтылатын аңыз-әңгіме жетерлік. Соның бірінде Бұхара, Үргеніш және Қостанай жаққа Сырдың төменгі ағысындағы елдер кіре тартып отырған. Сондай сапарда Тоғанас та болыпты. Елге жақындап қалғанда керуеншілердің қырағылығы босаңсып, беймарал күй кешкен шағын аңдыған шапқыншылар тұтқиылдан шабуылдап, керуенді тонапты. Тоғанас батыр сытылып шығып, қарасақал Шағырай ауылының үстінен шығады. Шағырай батырдың шау тартып, жасы ұлғайған

кезі болса керек. Бірақ киіз үйдің белдеуіне арғымақ байлап, бес қаруын сайлап, сақ отырады екен. Тоғанас үйге кіріп келіп:

– Ата, атың мен қаруыңызды маған беріңіз, жау шауып кетті, кегімді алайын, – дейді. Шағырай батыр жас жігіттің ыза мен кекке булыққан түрін көріп, ақ батасын беріп аттандырып салады. Жалғыз өзі болса да Тоғанас қарақшыларды талқандап, басшысының басын кесіп, керуенді жолға салған екен. Оның осы ерлігіне риза болған Шағырай батыр Тоғанасқа қызын беріпті деседі.

Бәйтіқұлы Тоғанастың есімі үшінші рет 1849 жылғы Орынбордың әскери-губернаторы Ладыжинскийге төртқара мен шөмекей рулары билерінің жазған мәлімдеме-арызында кездесті. Өздерін басқарып келген сұлтанды босатып, орнына жұртшылықпен санасатын сұлтандарды тағайындауды (бұрынғы сұлтанның елден ретсіз мал алатынын, басқа да қылықтарын көрсеткен) сұрап 1849 жылдың 11 қыркүйегінде 25 би қолдарын қойып, мөрі және таңбаларымен осы жазғандарын растаған. Бұл тізімде 15-ші болып Тоғанас Бәйтіковтің қолы тұр. Елдің қамын жеп, халқының тыныштығын ойлап, Орынборда отырған генералдарға өтініш-талаптарын білдірген қабырғалы билердің арасында оның есімінің жүруінен 1847-1848 жылдардан бастап ел билігіне белсене араласқанын байқаймыз. Бұл сөзімізді 1852 жылдың 4 наурызда Арал бекінісінің бастығына жазған мәлімдеме дәлелдейді. Сондай-ақ осы құжатта шапқыншылардың 7 адамы өлтіріліп, біраз малын қайтарып алғандығы хақында шөмекей руын басқарған сұлтан Елекей Қасымовтың Орынбор Шекара комиссиясына мәлімдеген хаты да кездесті.

Біз мұрағаттардағы құжаттарға тереңірек үңілген сайын ауыз әдебиетінде айтылып жүрген жайларды салыстырып қарауға тура келеді. Мысалы, 1852 жылдың 7 сәуіріндегі №-116-істегі №53 дистанция бастығының Орынбор шекаралық комиссиясы кеңесіне жолдаған мәлімдемесінде батыр туралы тағы бір дерек бар. Есаул, сұлтан Сүлеймен Жиһангеров шөмекейліктердің қолы қоқандықтардан басым түсіп, шапқыншылар талаған 40 мың қойдың 20 мыңын қайтарып алынғаны туралы мұқият жазып, қол қойған Ол: «...Шөмекей руының батыры Тоғанас Бәйтіков бас болып келе жатқан қоқандық шапқыншыларға қарсы тұруға жігіттерін жинаған. Қоқандықтар жолында кездескен 8 ауылды тонаған. Қоқандықтар мен шөмекейлер арасында ұрыс болып, екі жағынан да біраз адам жараланған, бірсыпырасы қаза тапты» деп жазған.

Бұған дейін Тоғанас батырдың есімі Сыр еліндегі Жанқожа, Есет, Қыстаубай, Бұхарбай, Сейіл батырлармен қатар аталатынын атадық. Сөзіміздің дәлелін Тұрмағамбет шайырдың «Ел қамын жеген ерлер» атты толғауынан іздеген жөн секілді. Ақын өлең жолдарында:

«...Тоғанас туып Бәйтіктен,
Байланып қылыш, ту алған.
Ізіндегі көп дұшпан,
Қалтырап қолы қорыққаннан,
Жоқ еді белін буа алған» – деп ерекше мән бере суреттейді. Аталған теңеулер оның қайсар тұлғасы мен бөлек бөлмысын дөп басты деуге болады. Тағы бір мысал – Бұхарбай батырдың хаты. Бұхарбай 200-ден астам түтінді құрайтын ағайындарын Сырдың төменгі ағысы бойына орналастыру үшін осы өңірдегі Елекей сұлтан, Дәрман қожаға, Пірәлі би мен Тоғанас батырға арнайы хат жазып, адам жібереді. Орынборға бағынышты қазақтар жеріне өтуіне рұқсат сұраған. Бұхарбайдай батырдың осылайша хабарласуы Тоғанас Бәйтіқұлы Сырдың төменгі ағысында XIX ғасырда өмір сүрген билер мен батырлар арасында аса ықпалды болғанын білдіреді емес пе?

Қоқан және Хиуа хандықтары орыс шебінен алыстау орналасқан Сыр елінің қазақтарына қысым жасап, үнемі зорлық көрсетіп отырған. Хиуа ханы Мұхаммед Рахимның кезінде орыс еліне бағынышты қазақ ауылдарын шаппауға ант берген уәдесін ұмытып, тонауын тоқтатпағанын генерал Обручевтің мәлімдемесінен оқи аламыз. Сол 1806 жылдан басталған Хиуа, Қоқан бектерінің шабуылы ұзақ уақыт бойы бір сәт тоқтаған емес. Қуаңдария мен Жаңадария бойындағы қазақтарды өздеріне бағындыру мақсатында Жанқала маңынан бекініс салады. Оны қазақтар «Бесқала» деп немесе қорған бастығы Бабажан есімімен атаса, қоқандықтардың 1817 жылдан бастап салған қорғандары Жаңақорған, Жөлек, Ақмешіт, Күмісқорған, Шымқорған, Қосқорғанды қоқандық бектер басқарған. Жалпы басшылық Ақмешіт бекінісінің бастығы Якупбек құзырында болды. Қорғандарды Жұбанияз, Уәйіс-Ниязбек, тағы басқалар басқарған. Ал қазіргі Жалағаш ауданы Аққыр ауылы төңірегіндегі «Құртөбе» деген жерден 1835 жылы Хиуа бегі Қожанияз бекініс салған соң мұны қазақтар «Қожанияз» қорғаны деп атаған.Тоғанас батыр – Қожанияз, Күмісқорған, Бесқалаға шабуылдап, берік қорғандарды бұзған батырлардың бірі. Қуаңдария мен Жаңадарияны мекендеген қазақтар 1832-1833 жылдан хиуалықтарға бағынып, зекет, тағы басқа алым-салықтар төлеуге мәжбүр болды. Осыған қарсы Сыр еліндегі айтулы батырлар: Жанқожа, Қыстаубай, Есет, Бұхарбай, Тоғанас, Жаназар, тағы басқалар тынбай күрес жүргізіп, қоқандықтардың қорған-бекіністерін бірнеше қайтара бұзғаны мәлім

Сонымен қатар мұрағатта жинақталған 1858, 1859, 1860 жылдардағы құжаттарда ташкенттік ханның Түркістандағы бегінің жасауылдары Қызылқұмдағы «Арба қалған» жерінде шөмекейлер ауылын шауып, тонағаны көрсетілген. Онда Тоғанас батыр өз жасақтарымен бірге қарақшылардан 150 жылқы, 6000 қойды қайтарғаны айтылған. Ал Сырдария қазақтарын басқарушы сарай кеңесшісі Осмоловский жазбаларынан 1859 жылы қоқандықтар тағы да тонаушылық шабуылдар жасағандығын байқау қиын емес. Мұнда да Тоғанас батыр Бәйтіков қарақшылардан 20 түйе, 8 жылқы, 1000 қойды қайтарып алғандығы туралы жазылған. Баһадүр туралы соңғы деректер 1861 жылға келіп тоқтаған. Себебі 1868 жылы күзгі түтін-пұл жинауға қатысты құжатта Баяу Бәйтіков, Бодаш Бәйтіков, Әлім Бодашов, Жақсылық, Алдамжар Аққоянов пен Тажығұл Тоғанасовтың есімдері тіркелген. Демек батырдың бұл тізімде болмауы, оның сол уақытта бақилық болғанынан хабар беретіндей. Алайда бұл нақты дерек емес. Бірі Тоғанас батырды 64 жасында өз ажалынан қайтыс болды десе, енді бірі қаһарманның түркімен батырының қолынан қаза болғанын айтады. Оған қоса, кейбір көнекөз қариялар Қуаңдария өзені маңындағы «Тоғанас» атты белгі батырдың мерт болған жеріне қойылған ескерткіш деген ақпар айтуда. Не де болса, тұлғаның беймәлім өмір жолы ұқыпты ізденісті талап етері анық.

Тоғанас батыр хақында қалам тербеген алғашқы адам біз емес және соңғысы да болмаспыз. Бірақ бұл мақалаға Тынышбек Дайрабайдай жазушы-этнографтың деректері қолданылғанын айтпай кету азаматтығымызға сын болар. Тұлғалар жайлы қаншалықты көп жазылса, соншалықты насихаты да кең болады деген үміттеміз.

А.АҚЫЛБЕК

«АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА»

НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ ЖӘНЕ ГУБАТКОМ ТӨРАҒАЛАРЫ

Қызылорданың ел астанасы болған кездегі Сыр өңіріндегі тарихи-мәдени оқиғаларды газетімізге жариялап жүргенімізді көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Өткен жылдан бері 1925-1929 жылдардағы тарихи оқиғаларды арқау еткен ғалымдар мен тілшілердің мақалаларын, сұхбаттарын басып келеміз. Қойылатын басты талап мақала міндетті түрде Сыр өңірімен байланысты болуы керек. Тарихшы Сәбит Шілдебайдың республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан «Нығмет Нұрмақов және губатком төрағалары» атты мақаласы біз зерттеу нысанына айналдырған тақырыппен үндескендіктен өз газетімізге көшіріп басып отырмыз.

Редакциядан

Мына бір фотоға қарайықшы. Бір қарағанда мұндағы қазақтың марғасқалары арқа-жарқа болып отырғандай көрінеді.

Фотоқұжат Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінің қорынан алынды. Бұл фотоның мазмұнына «Председатель Совнаркома КазАССР т. Нурмаков с председателями губисполкомов на VI Всеказакстанском съезде Советов. г. Кзыл-Орда, 1927 год.» деп жазылып, карточканың 1950 жылдың 14 шілдесінде толтырылғаны көрсетілген. 23 жылдан кейін осы фотоның карточкасын толтырған архив қызметкері де, одан бергі қызметкерлер де Н.Нұрмақовтан басқа кісілерді тани қоймаған сияқты. Фотоны көрген кезде Н.Нұрмақов, Ж.Сәдуақасов, Ы.Көшкінов, Ә.Әлібеков және Ғ.Тоқтабаев сияқты қайраткерлерді бірден таныдық. Ал қалған 4 қайраткерді тануға бір аптадай уақыт жұмсап, үшеуін анық танысақ, біреуін тани алмадық.

Отырғандар (солдан): 1) Жанайдар Сәдуақасов, 2) Ыдырыс Көшкінов, 3) Нығмет Нұрмақов, 4) белгісіз, 5) Әлиасқар Әлібеков, 6) Ғабдол-Кәрім Дощанұлы (Досжанұлы) Тоқтабаев, 7) Мырзағұл Атаниязов. Тұрғандар (солдан): 1) Абдолла Асылбеков, 2) Кәрімбай (Қарынбай) Қошмамбетов.

1927 жылдың 28 наурызы мен 3 сәуірі аралығында Қызылорда қаласында ҚАКСР Кеңестерінің 6-шы бүкілқазақстандық съезі болып өтті. Съезге жер-жерден сайланып келген 314 делегат шешуші дауыспен, 18 делегат кеңесші дауыспен қатысты.

Съездің күн тәртібі төмендегідей болды:

1. Қазақстан үкіметінің есебі – баяндамашы Н.Нұрмақов;
2. Фрунзе – Семей темір жолының құрылысы туралы ақпараттық баяндама – В.Шатов.

3. Егістік және шабындық жерлердің тәртібі туралы – баяндамашы Ж.Сұлтанбеков.
4. Революциялық заңдылық туралы – баяндамашы С.Мәмбеев.
5. Қазақ денсаулық сақтау халкоматының баяндамасы – М.Шамов.
6. Жалпыға бірдей халық санағы туралы ақпараттық баяндама – Д.Дейхман.
7. Қазақстан астанасын ұйымдастыру туралы хабарлама – Н.Нұрмақов.
8. ҚазОАК (Қазатком) құрамын сайлау.

3 сәуірдегі съездің ең соңғы кешкі мәжілісінде 151 мүшеден және 52 мүшелікке кандидаттан тұратын Қазатком құрамы сайланды. Ал 4 сәуірде 6-сайланған Қазаткомның 1-сессиясы болып өтті. Күн тәртібінде ҚазОАК Төралқасын және ҚАКСР халкомдарын сайлау мәселесі болды. 21 адамнан тұратын Қазатком Төралқасы және 5 адам оған кандидат болып сайланды. Сонымен қатар 16 адамнан тұратын Қазхалкомкеңес құрамы, КСРО ОАК Ұлттар кеңесі мүшелігіне 5 кандидат пен 3 мүшелік кандидаттығына кандидат сайланды.

Н.Нұрмақов пен губатком, ократком төрағалары осы съезге жиналған кезде съездің алғашқы күндері немесе 2 сәуірге дейін осы фотоға түскен болса керек. Себебі 2 сәуір күні өткен БКП(б) Қазөлкекомы бюросы мен 6-шы Бүкілқазақ Кеңестері съезі ком-фракциясының бірлескен мәжілісінде 4 сәуір күні болатын ауыс-түйістер түгел шешілген болатын.

Фотодағы тұлғалар кімдер еді? Енді соларға жеке-жеке тоқтала кетсек.

Сәдуақасов Жанайдар Сәдуақасұлы – 1926 жылдың 1 желтоқсанынан Сырдария губаткомының төрағасы еді. Съезден кейін де осы қызметінде қалды.

Көшкінов Ыдырыс – 1926 ж. 28 қарашасынан Ақтөбе губаткомының төрағасы (Ақтөбе қ.). Съезден кейін де осы қызметінде қалды.

Нығмет Нұрмақов – 1924 ж. 11 қарашасынан бастап ҚАКСР ХКК төрағасы. 6-сайланған Қазаткомның 1-сессиясында тағы да ҚАКСР ХКК төрағасы және ҚазОАК Президиумының мүшесі болып сайланды. 1929 жылдың 15 сәуіріне дейін Қазхалкомкеңес төрағасы болды.

Әлібеков Әлиасқар Меңдияұлы – 1926 жылдың 27 қыркүйегінен Жетісу губаткомының төрағасы. Съезден кейін де осы қызметінде қалды.

Тоқтабаев Ғабдол-Кәрім Дощанұлы (Досжанұлы) – 1927 жылдың 4 сәуіріне дейін Семей губаткомының төрағасы. 1927 жылы 2 наурызда өткен Қазөлкекомның бюросында Ғ.Тоқтабаевты Қазөлкеком қарауына шақыру және оның орнына Мұхтар Саматовты ұсыну туралы шешім қабылданды. Шешім бойынша 2 сәуірде М.Саматов Семей губаткомының төрағасы қызметіне мақұлданып, Ғ.Тоқтабаев 4 сәуірде ҚАКСР Ағарту халкомы және ҚазОАК Төралқасының мүшесі болып сайланды.

Атаниязов Мырзағұл Атаниязұлы – 1927 жылдың 2 наурызынан Ақмола губаткомының төрағасы. Съезден кейін де осы қызметінде қалды.

Асылбеков Абдолла Әбдірахманұлы (Мүсәпірұлы) – 1926 жылдың 1 желтоқсанынан Қостанай округтік атқомының төрағасы (қызметіне 1927 жылдың 1 қаңтарынан бастап кірісті – С.Ш.). Съезден кейін осы қызметті 1927 жылдың 8 қазанына дейін атқарды.

Қошмамбетов Кәрімбай (Қарынбай) Қошмамбетұлы – 1926 жылдың 30 наурызынан (5 ақпанда ұсынылды) Орал губаткомының төрағасы. Съезден кейін де осы қызметінде қалды.

Фотодағы тақия киген кісіні алғашында Қарақалпақ облаткомының төрағасы Қасым Әуезов болар деп ойлаған едік. Бірақ ол кісі болмай шықты. Сонымен қатар Адай уревкомының төрағасы Қилыбаев Байбозға да мүлдем ұқсамайды. Бұл кісінің кім екенін анықтауды алдағы уақыттың еншісіне қалдырдық.

Сәбит ШІЛДЕБАЙ,
Орталық мемлекеттік архивінің директоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

БАЛА НЕГЕ ҚЫЛМЫС ЖАСАЙДЫ?

Жасыратын несі бар, ақпараттық-технология дамыған мына заманда бәрі де қолжетімді. Бүгінде әр баланың қолында бір-бір ұялы телефон бар. Олар ғаламтор арқылы күнделікті әлеуметтік желілерден атыс-шабысты, түрлі қылмысты көріп отыр. Әрине, бұл бала психологиясына кері әсерін тигізері сөзсіз.

Қызылорда облысы полиция департаментінің баспасөз қызметінің мәліметінше, өткен жылы аймақта кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс деңгейі 4,6 процентке өскен. Осыған орай департамент қызметкерлері жасөспірімдер тәрбиесіне жауапты мемлекеттік мекемелермен бірлесіп жұмыс істеуде. Қазіргі кезде «Жасөспірім – Көше», «Қауіпсіз мектеп автобус», «Заң-Бала-Қауіпсіздік», «Түнгі қаладағы балалар», «Түнгі қала», «Жасөспірім» атты алдын алу шаралары өткізілуде. Сондай-ақ жоғары оқу орындары мен мектептерде құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, «ZOOM» бағдарламасы арқылы түрлі тақырыпта дөңгелек үстел мен сұхбаттар ұйымдастырылуда.

Былтыр ювеналды полиция бөліністерінің қызметкерлері барлығы 5208 баланы ішкі істер органдарына жеткізген. Оның ішінде 4865-і әртүрлі құқық бұзушылық жасаған. Сонымен қатар 283 кәмелетке толмаған бейімдеу орталығына жатқызылып, 60 жасөспірім қылмыс жасады деген күдікпен ұсталды.

– Аймақта кәмелет жасқа толмағандардың беймезгіл уақытта көшеге шығуы азаймай тұр. Себебі ҚР ӘҚБтК 442-бабымен «Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерде болуы» дерегімен 4663 баланың заңды өкілдері әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ал баласының тәрбиесімен айналыспай, ата-аналық міндетін дәлелсіз себептермен орындамайтын 6 ата-ананы сот құзырымен ата-аналық құқығынан айырса, 7 адам ата-аналық құқығынан шектелді. Сондай-ақ 6 бала соттың шешімімен кәмелетке толмағандар девиантты білім беру және арнайы білім беру ұйымына орналастырылды. Ал облыстық девианты мінез-құлықты балаларға арналған интернатқа 3 кәмелетке толмаған, «Шығыс Қазақстан облысының ерекше режимде ұстайтын арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 3 жасөспірім жіберілді, – деді жергілікті полиция қызметі басқармасы, Ювеналды полиция тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция подполковнигі Ғалымжан Нағметов.

Бұғанасы бекімеген жас буынның осындай қатал өмірге тап болғаны өкінішті. Олардың ертеңгі болашағы қалай болмақ? Оны ойлау да қиын. Иә, қамсыз ойнап-күліп жүрген шағында от басып, қылмыстың «дәмін» сезгендерді дұрыс жолға бейімдеудің өзі оңайға соқпас. Дегенмен ешбір ата-ана баласын жаза бассын деп өсірмейді. Ұл-қызын жамандыққа кім қияды дейсің. Қарап отырсаңыз, көптеген ата-ана баласының бетінен қақпай, қатарынан қалдырмай, сұрағанын алып береді. Көбі «бала ғой» деп көңіліне қарап, қалағанын істейді. Бала тәрбиесі – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесіне айналып отыр. Оны жыл өткен сайын ұғынып келеміз. Өйткені қазір бесіктен белі шықпаған баланың өзі «іштен оқып туғандай» бәрін біледі.

Қылмысқа баратын баланың басым көпшілігі әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шығатыны белгілі. Ал қазір ауқатты отбасынан шыққан балалар да жиі қылмысқа барады екен. Психологтар мұны тәрбиеде жіберілген қателік салдары деп есептейді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, баланың айтқанының барлығын жасап, еркіне жіберу тікелей әсер етеді. Мамандар ата-аналардың баланың ішкі өміріне қызықпауы мен рухани дамуына көмектеспеуі дұрыс емес дейді.

– Отбасында, мектепте өзін түсінетін адамды таппаған бала қайда барады? Әрине, көшеге. Ал көшеде уақыты көп, спортпен шұғылданбайтын балалар жүреді. Олардың өмірге көңілі толмайтыны анық. Барлығына өкпелі. Мұндай ортаға тап болған баланың жаман жолға түсері сөзсіз, – дейді психолог Гүлдана Садықова.

Оның айтуынша, отбасында дұрыс тәрбие алмаған баланы жаман ортаға ғана емес, өзге діни ағымға да қосу оңай екен. Оны болдырмау үшін баланы ерте жастан бастап, үй жұмысына баулып, өзіне жауапкершілік алуды үйретуге кеңес береді.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Басы 1-бетте

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

ЖҮКСАЛҒЫШТАҒЫ АҚБӨКЕН

Полиция департаменті, табиғат қорғау прокуратурасы және «Охотзоопром» ӨБ РМҚК қызметкерлері бірлесіп жүргізген рейд кезінде заңсыз әрекетке барған екі тұрғын ұсталды.

Іс-қимыл барысында қала орталығындағы көшелердің бірінде 27 жастағы қала тұрғынының жеңіл автокөлігі тоқтатылды. Тексеру кезінде автокөліктің жүк салғышынан 1 бас ақбөкен аңына ұқсас жануардың денесі анықталып, айғақ зат ретінде тәркіленді.

Күдікті 2 азамат уақытша ұстау абақтысына қамаққа алынып, бүгінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

87 ҚЫЛМЫСТЫҢ БЕТІ АШЫЛДЫ

Полицейлер «Құқық тәртібі» жедел профилактикалық іс-шарасының 13 күнінде 87 қылмысты ашты.

Жалға берілетін 480 пәтер тексерілді. Тегіс ұңғылы атыс қаруды заңсыз сақтаған 12 адам анықталып, барлығына әкімшілік хаттама рәсімделді.

Жалпы әкімшілік құқық бұзушылықтың 1400 дерегі анықталған. Оның ішінде ұсақ бұзақылықтың – 507 дерегі, алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде жүрудің – 293, Қазақстан Республикасында тіркеусіз не жеке басты куәландыратын құжатсыз тұрудың – 441, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзудың – 34, шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзудың – 18 дерегі анықталған.

Сонымен қатар көлік құралын масаң күйінде басқарудың 40 дерегі анықталып, барлығы заңға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

КӨЛІКТЕН ЕСІРТКІ ТАБЫЛДЫ

Қалалық полиция басқармасының қызметкерлері «Құқық тәртібі» іс-шарасы барысында «Ваз – 2110» маркалы автокөлігін тоқтатып, тексеру кезінде жүргізуші есігінің қалтасынан белгісіз зат анықталған. Сараптама қорытындысымен бұл заттың «марихуана» екені белгілі болды.

Осы тектес дерек қала орталығында болды. Қала тұрғынының үстіне киген жасыл түсті күртешесінің қалтасынан есірткіге ұқсас белгісіз зат табылды. Сараптама қорытындысымен оның да «марихуана» екені анықталған.

Қазіргі таңда аталған деректер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

ҚҰНДЫЗ БӨРІК КИГІСІ КЕЛГЕН БЕ?

Жуырда қала аумағында орналасқан ірі сауда үйінің бірінде сөреде тұрған қара түсті «Самсунг А10» маркалы ұялы телефоны және базар аумағында дүңгіршек ішінде сатылымда тұрған құндыз терісінен жасалған 1 дана ерлер бас киімін ұрланғандығы туралы дерек тіркелген.

Шағым түсе салысымен полиция басқармасының полицейлері қала аумағында орын алған ұрлықты іздеу жұмыстарымен айналысты. Шұғыл іс-қимылдың нәтижесінде заттарды қолды қылған қала тұрғыны ұсталып, жәбірленушілерге заттары кері қайтарылды.

Қазіргі уақытта аталған дерек бойынша, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп, оқиғаның мән-жайы анықталуда.

БІРНЕШЕ КӨЛІККЕ ҰРЛЫҚҚА ТҮСКЕН

Қалалық полиция басқармасының қызметкерлері жедел-іздестіру шараларын жүргізу барысында «Фольсваген Вента», «Фольсваген Пассат» және «Ваз – 2107» маркалы автокөліктеріне ұрлыққа түскен күдіктіні ұстады.

Тергеу барысында күдікті автокөліктердің ашық қалған артқы есігін пайдаланып, автокөлік иелеріне тиесілі заттарды қолды етіп, өз ойын жүзеге асырғаны анықталды. Қазіргі таңда шығын көлемі есептелуде.

Аталған дерек бойынша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабының 3-бөлігінің 3-тармағы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде. Күдікті уақытша ұстау абақтысына қамалды.

АҢДЫҒАНЫ АЛТЫН ЕКЕН...

Жуырда полиция басқармасына 24 жастағы тұрғыннан арыз түскен. Тұрғын белгісіз адамдар үйіне ұрлыққа түсіп, құны 200 мың теңге болатын алтын бұйымдарының ұрланғанын айтқан.

Аталған дерек бойынша оқиға орнына барған жедел тергеу тобы және полиция инспекторлары іздестіру жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде ұрлық жасады деген күдікпен 26 жастағы тұрғын анықталып, тергеу бөлімшесіне жеткізілді. Күдіктіден айғақ зат ретінде алынған алтын бұйымдар өз егесіне қолхат арқылы қайтарылды. Қазіргі таңда болған пәтер ұрлығы қылмысы бойынша тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

А.БІТІМБАЙ

Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды

COVID-19: СТАЦИОНАРДА 180 НАУҚАС ЕМ ҚАБЫЛДАУДА



Қызылорда облысында 6 ақпанда коронавирус инфекциясын жұқтырған 20 дерек тіркелді. Оның ішінде 10 адамнан вирустың белгілері байқалса, 10 адам коронавирусты симптомсыз өткеруде. Бүгінгі таңда вирус жұқтырғандардың 30 проценті, яғни 6 адам инфекциялық стационарда ем қабылдауда. Осылайша 2020 жылдан бері Қызылордада вирус жұқтырғандар саны 23940 адамды құрады.

Коронавирус инфекциясы анықталған азаматтармен байланыста болғандардың саны 64 733 жетті. Оның ішінде тікелей қарым-қатынас – 61 985, ықтимал қарым-қатынас – 2 748.

Одан бөлек, демалыс күні өңірде барлығы 107 адам вирустан жазылып шықты. Оның ішінде Қызылорда қаласының 80 тұрғынында ПЦР тест теріс нәтиже көрсетті. Осылайша өңірде коронавирус індеті тарағалы барлығы 22 980 адам, яғни вирус жұқтырғандардың 96 проценті жазылып шықты.

Қазіргі таңда облыстағы инфекциялық стационарларда барлығы 180 науқас ем қабылдап жатқандықтан стационарлар жүктемесі 23 процентті құрады. Ем қабылдап жатқандардың ішінде 21 науқас реанимациялық төсек-орында жатыр.

Ақпанның 6-ы күні Қызылорда қаласында 11 адам коронавирусқа қарсы вакцинаның I компонентін салып, шаһарда вакцинаның бірінші екпесін алғандардың саны барлығы 184190 адамды құрады. Ал екпенің II компонентін сол тәулікте 98 адам салдырып, нәтижесінде қалада 179476 адам вакцинаны толықтай салдырды.

Медициналық ақпараттық жүйеге сәйкес, Қызылорда облысында қала бойынша 35 032, аудан бойынша 51 809, барлығы 86 841 тұрғын «COVID-19» жұқпасына қарсы қайта вакциналанған. Ал 6 ақпанда Қызылорда қаласында 12-17 жас аралығындағы балалар, жүкті және босанған әйелдер арасында «COVID-19» жұқпасына қарсы «Комирнати» екпесінің 129 адам I компонентін, 24 адам II компонентін салдырған.

А.БІРКЕНОВ

Бейжіңде өтіп жатқан қысқы олимпиада ойындарында Қазақстан спортшылары кестеге сәйкес өнер көрсетулерін жалғастыруда. Бүгінгі мақалада жарыстың соңғы жаңалықтары мен Мемлекет басшысының Олимпиада өтіп жатқан елге сапары туралы баяндамақпыз.

КІМ ҚАЛАЙ ӨНЕР КӨРСЕТТІ?

5 ақпандағы жарыс күні Қазақстан құрамасының конькишісі Надежда Морозова қысқы Олимпиада ойындарында 3000 метр қашықтықта өнер көрсетті. Алайда 4:04,97 уақытта мәреге жеткен спортшының нәтижесі медаль жеңіп алуға жетпеді. Енді ол 17 ақпанда Екатерина Айдовамен жұптасып, 1000 метр қашықтықта өтетін жарысқа қатысады.

Сол күні фристайлшы спортшымыз Дмитрий Рейхерд та жарыс алаңына шықты. Бірінші финалда Рейхерд 76,90 балл жинап, тоғызыншы орынға тұрақтады. Осылайша ол үздік он екі спортшының қатарына кірді. Ал Екінші финалда 76,77 балл жинап, сегізінші орынға тұрақтады. Оның бұл нәтижесі үшінші финалға шығып, медаль үшін күресуге жетпеді.

6 ақпанда сондай-ақ Бейжің Олимпиадасында шаңғымен жарысудан ерлер арасындағы скиатлон бәсекесі аяқталды. Бұл жарыста спортшылар 15 шақырым классикалық әдіс және 15 шақырым еркін әдісте өнер көрсетеді. 30 шақырымға созылған жарысқа Қазақстан атынан екі шаңғышы қатысты. Қазақстандық Виталий Пухкало төрт жыл бұрынғы нәтижесін қайталап, 32-орынға тұрақтады. Ол жеңімпаздан 7 минут 35 секундқа кейін келді. Ал қазақстандық Евгений Величко жарысты аяқтай алмады.

Қазақстан командасының үздігі Юлия Галышева да Бейжінде өтіп жатқан Олимпиада ойындарында жүлдесіз қалды. Галышева жарыс жолында қате жіберіп, қорытынды есепте негізгі финалдан тыс қалды. 29 жастағы спортшы 49,74 ұпаймен биылғы Олимпиада ойынында 11-ші орынға тұрақтады.

Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәлидің «Олимпиадалық дипломатия» немесе Президент Қ.Тоқаев Қытай еліне қалай барып қайтты» атты мақаласы «Егемен Қазақстанда» жарық көрді. Мақалада көрсетілгендей, Мемлекет басшысы Қытайға ертерек, яғни 3 ақпан күні ұшып келген. Президентті әуежайдан ҚХР Үкіметінің Еуразия істері жөніндегі арнаулы өкілі, Тоқаевтың 40 жылдық саяси танысы Ли Хуэй күтіп алған.

Қазақстан делегациясы Бейжіңнің батыс бөлігінде орналасқан «Дяоюйтай» мемлекеттік резиденциясына орналасқан. Бұл резиденцияның 800 жылдан астам тарихы бар. Бұрын бұл тарихи әрі көрікті жер Қытай императорларының демалысы үшін арнап салынған сарай болған. Одан бөлек бұл резиденцияға Владимир Путин мен Пәкістан Премьер-Министрі Имран Хан ғана тоқтаған. Ал өзге делегациялар қонақүйлерге тұрақтаған. Берік Уәли бұл туралы «Әрине, бұл Қытай тарапының Қазақстан басшысына, жалпы біздің елге деген ерекше құрметін, айрықша көзқарасын білдіреді», – деп жазады.

Мақалада сондай-ақ Президенттің ашылу салтанатына қалай қатысқаны туралы да жазылған. «Қасым-Жомарт Тоқаев VIP қонақтарға арналған мінберден қазақстандық олимпиадашыларға қол бұлғап, қолдау көрсетті. Президенттің жеке фотографы түсірген суреттердің бірінен спортшыларымыз шыққан сәтте Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов пен оның делегациясы біздің Мемлекет басшысына ерекше құрметпен қараған көруге болады. Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев те ілтипат білдірді», – деп жазады Президенттің баспасөз хатшысы өз мақаласында.

Ашылу салтанатынан бөлек мемлекет басшылары кездесу өткізді. Олар екі елдің жан-жақты стратегиялық ынтымақтастығын жаңа деңгейге шығаратын нәтижелі келіссөз жүргізген. ҚХР төрағасы бұл кездесу мемлекеттер арасындағы алдағы 30 жылдағы алтын дәуіріне жол ашқанын айтқан. Қасым-Жомарт Тоқаев Си Цзиньпинді де Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырған.

Кездесуден кейін Тоқаев БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен, ДДСҰ Бас директорымен, сондай-ақ Польша, Сингапур, Қатар, Пәкістан және Орталық Азия елдерінің басшыларымен әңгімелескен. «Олар Мемлекет басшысының «қасіретті қаңтар» кезінде жағдайды тұрақтандыру үшін қабылдаған шешімдеріне қолдау білдірді», – деп жазады Б.Уәли.

А.НҰРАЗҒАЛИ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4256 **Тапсырыс №182**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ